**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**«Бөбек» бөбекжай-балабақшасы**
**«Көгершін» ортаңғы тобының апталық (19.09-09.23.2022ж) циклограмма**
**IV-апта**

**Тәрбиешілер:** Камысбаева М.К; Алдашева Л.Ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.09.2022 | Сейсенбі 20.09.2022 | Сәрсенбі 21.09.2022 | Бейсенбі 22.09.2022 | Жұма 23.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл -күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс -әрекет)*** | | | | |
| | **Дид ойын: «Пайдалы азық - түліктер»** Мақсаты: балалар денсаулыққа пайдалы азық – түліктерді біледі, атай алады. ***(Танымдық дағдылар) (көркем әдебиет, танымдық-тілдік, коммуникативтік іс-әрекет)*** | **Дидактикалық ойын:«Құлыпты аш»** **Мақсаты:** логикалық ойлай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша лазырата алады. ***(Математика негіздері)*** | **Ойын: «Дауысынан таны»** **Мақсаты:**Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсініктері қалыптасады. ***(Танымдық дағдылар*** | **Дид ойын:«Мен бастаймын, сен жалғастыр»** **Мақсаты:**Өлеңнің сөздерін тез есте сақтауға дағдыланады ***(Сөйлеуді дамыту)*** | **Дидактикалық ойын: «Бау да ма,бақшада ма?»** **Мақсаты:** Балалар көкөністер мен жемістер туралы түсінеді. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер. | | | | |
| | Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы еске салу. | Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде) | Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым-ортақ мекенім!» | «Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналар мен жеке әңгімелесу. | «Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы |

<table>
<tr>
<td>Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td>
<td>Д/О «Вагондарға дөңгелек таңдау»<br>Мақсаты:<br>геометриялық пішінде рді (дөңгелек, төртбұ рыш, үшбұрыш) ажы ратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамы ту (математика негіздері, танымдық ойын)</td>
<td>Д/О «Әдемі сандық»<br>Мақсаты:<br>Балалардың тілін дамыту. Тұрмыс тық заттар мен қоршаған орта заттарының қолдану маңыздылы ғын түсіндіру.<br>(сөйлеуді дамыту - коммуникативтік іс-әрекет)</td>
<td>«Кітап бұрышына саяхат»<br>Мақсаты:<br>Балаларды түрлі тақырып тағы көркем шығармалар мен таныстыру (көркем әдебиет, қарым-қаты нас, қоршаған ортамен танысу-танымдық іс-әрекет)<br>Аз қимылды ойын:<br>**«Музыкалық жұмбақтар»<br>(қарым- қатынас, шығармашылық ойын)</td>
<td>«Түрлі-түсті қарындаштар»<br>Мақсаты:<br>Балалардың бояулармен, қарындаш тармен сурет салу техникасын жетілдіру. (сурет салу шығарма шылық ойын.)<br>Ұлттық ҚО:<br>«Соқыртеке»</td>
<td>"Пішіндер неге ұқсайды" Мақсаты: пішіндерді қандай затта рға ұқсастығын табу. (математика негіздері, танымдық ойын)<br>Д/О «Жер, су, ауа»<br>Мақсаты: балаларды көліктердің түрлері туралы білімде рін қалыптастыру.<br>(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)</td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="2">Танертенге жаттығу</td>
<td colspan="5">Танертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">Жаттығулар кешені№4<br>1. «Күн» ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру.<br>Қайталануы: 4 рет.<br><br>2. «Тук-тук» ойыны:<br>Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде<br>Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу.<br>Қайталануы: 4-5 рет.<br><br>3. «Жасырынбақ» ойыны:<br>Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде<br>Орындалуы: жүрелеп отыру - «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою.<br>Қайталануы: 4-5 рет.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td colspan="5"></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ***( мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары)*** Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, )<br>Гигиеналық процедулар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнына білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану<br>«Дос бол сабын суменен ,<br>жуын күнде су мен<br>Сен ,жуынсаң сен әрдайым,<br>таза бетің, маңдайың»<br>Тамақтану(өз орнына отыру,дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.** | | | | |
| | **Үстел үсті театры:** «Бауырсақ»<br>**Мақсаты:** Балаларға үстел-үсті театры арқылы баяндап айту, балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Ермекезбене жұмыс.<br>***(Мүсіндеу, сөйлеуді д.)*** | **Дидактикалық ойын:** «Кімге не керек?».<br>**Мақсаты:**Балаларды киімдерді ажырата білуге үйрету.Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. ***(Қоршаған ортамен таныстыру)*** | **Ойын**: «Кім мерген»<br>**Мақсаты:**Кеглилерді доппен құлатуға үйрету.Жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелеу.<br>***(Дене шынықтыру)*** | **Ойын – жаттығу**<br>«Құрылысты жуындыр»<br>**Мақсаты:**балаларға тазалық туралы үйрету. Ірі құрылыс материалдарымен ойынд ар.<br>***(Қоршаған ортамен таныстыру)*** | **Дидатикалық ойын:**<br>«Не ұшпайды?»<br>**Мақсаты:**Ұшатын және ұшпайтын заттарды білу.<br>***(Құрастыру)*** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | Балаларға өз отбасы мүшелерінің есімдерін атату, олар бізді қалай еркелетін атайды, біз оларды қалай еркелетеміз әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Отбасы мүшелерінің суретін салу.<br>(сурет салу) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау. Отбасында ойналатын сүйікті ойынды ойнау<br>***(көркем әдебиет)*** | «Біз тұратын үй» туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері бір біріне қандай жақсы сөздер айтады. Бір бірін қалай сыйлайды. Отбасы мүшелерінің суреттерін көріп танысу. Отбасы мүшелерін санау. Оларды сипаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша сурет салу, мүсіндеу, жапсыру жұмыстарын жүргізу | ****Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимыл<br>дар, кіші және үлкен қадам<br>мен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру.<br>**К/О:** Доптар эстафетасы<br>**Мақсаты:** бастапқы қалыпта тұрып допты | ****Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру.<br>**Қ/О: «Кім жылдам?»**<br>Доппен жарысу арқылы шапшаңдыққа баулу. | Д/О:<br>«Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?<br>**Мақсаты:**<br>әр түрлі түстен тұратын заттардың жиынң туралы түсініктерін қалып<br>тастыру ,үшбұрышты нішін<br>дерді дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *( қарым-қатынас , шығармашылық іс –әрекет)*<br><br>**Дене шынықтыру<br><br>Қ\О: «Кім мерген?»<br><br>Мақсаты: 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіру.<br><br>**Қ\О: «Секірмелі қапшық»**<br><br>**Мақсаты:** сипап – сезу арқылы, заттарды ажырата білу, атауын дұрыс анық айту, дағдыларын қалыптастыру,дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.<br>***(сөйлеуді дамыту ойын, коммуникативтік іс –әрекет).*** | **(сурет салу)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыру.<br>***(Құрастыру )***<br><br>**Музыка (маман жоспарына сай)**<br><br>**Д\О: Кешікпе**<br>Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.қоршаған ортамен таныс-танымдық ойын,қарым-қатынас.Аз **қимылды ойын:** «Даусынан біл» ***(коммуникативтік,шығармашылық іс –әрекет).*** | бір-біріне беру.<br><br>**ДО «Бұл қай ертегі»**<br>**Мақсаты:**суреттер бойынша таныс шығармаларды атауды және олар бойынша сұрақтарға жауап берудi үйрету.<br>***(Көркем әдебиет ойын, коммуника тивтік,шығармашылық іс әрекет).*** | **Музыка (маман жоспарына сай)**<br><br>**Д\О Өз түсіңді тап**<br>Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «ойнап келіңдер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады. (5-6рет)Ермексаздың кесектерінен «жалаушаны» мүсіндеу.көркем әдебиет<br><br>***коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет*** | пайдалана оты рып құрастыра білу дағдыла рын дамыту, мысалы:үй, үйшік, кілемше т.б.кеңістікті толық пайдалана отырып жапсыра білу дағдыларына машықтандыру Түрлі -түсті кілемше ***(математика негіздері - танымдық-ойын, шығармашылық іс – әрекет)***<br><br>**Д\О«Пішінді құрастыр»**<br>Ойын мақсаты:<br>Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.Ойын шарты Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек<br>***(құрастыру танымдық-зерттеушілікойын,қ*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *арым-катынас)* |
| Серуенге дайындық | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты)**,дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| | «Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу | «Менің ойыншығым ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу | «Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну | «Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау | «Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезін де бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту. |
| Серуен | **Желді бақылау.**<br><br>**Бақылау:**<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек:**<br>**«Әдемі гүлдер»**<br>**Мақсаты:**<br>Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ «Жел»<br>**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының | **Жаңбырдың жауғанын**<br>**Бақылау:**<br>**Мақсаты:** Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.<br>**Мысалы;** Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қалай? Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға | **«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»**<br>**Мақсаты:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың каттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>**Еңбек:** жерге түскен жапырақтарды жинау.<br>Үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға ,<br>аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен | **Бақылау:** Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау, күзгі жапырақтардың түсуі, оны адамдардың тазартуы туралы түсіндіре отырып, балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>мақал-мәтел оқып беру.<br>Кім еңбек етсе-сол тоқ. Еңбексіз өмір- | **Бақылау:** Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау, күзгі жапырақтардың түсуі, оны адамдардың тазартуы туралы түсіндіре отырып, балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту.<br>**Жеке жұмыс:** мақал-мәтел оқып беру.<br>Кім еңбек етсе-сол тоқ. Еңбексіз өмір-сөнген көмір.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу<br>Мақсаты: балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: Қонилар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел уілейді у-у-у,<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу,<br>Жапырақтар көп соқты ду-ду-ду.<br>Еңбек: ойын алаңын жинастыру.<br>Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу.<br>**Қимылды ойын: "Күн мен Жаңбыр"**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру, көңіл – күйлерін көтеру.<br>Дербес іс-әрекеттер. | дағдыландыру.<br>**Еңбек:**<br>топтағы ойыншықтарды әдемі етіп жинау.<br>**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. | күзде олар Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. | сонген көмір.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу.<br>**Мақсаты:** балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: Қояндар мен қасқыр**<br>**Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. ды. | **мен қасқыр**<br>**Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шыңықтыру.<br>Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. **( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |
| | «Жеке бастың тазалығы»<br>Мақал-мәтел<br>Ойын жаттығулары: «Тазалықтың досы» (тақпақ оқу) | **«Часы» «Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. | **Артикуляциялық жаттығу №6 «Саңырауқұлақ»** – аузыңды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып аузыңды кең ашып ұстау. | **Артикуляциялық жаттығу**<br>***«Дәмді тосап»***<br>*жағының тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (кесеу) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.* | **Артикуляциялық жаттығу**<br>**Ат шауып келеді»** – аузыңды кең ашып тілді таңдайға жапсыру айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі)**<br>**Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнына білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні ілп қою,көркем сөздерді қолдану<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| | Дастархан басындағы | «Кезекшімін мен бүгін | Ырым, тыйым сөз | Ас ішу тәртібі: Тамақ | Ас туралы мақал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәстүрлер. Дастархан басын да адамдар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді. | асханада» Ө.Ақылбеков жаттау **Гигиеналық шара:** «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың» | Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же. | ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек. | мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән» |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **( тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітап оқу **( көркемдік қызмет)** | | | | |
| | Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен) | Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен) | Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен) | Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен) | Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары ( дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) **( дене белсенділігі)** | | | | |
| | Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну. | Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. | Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу. | Беті-қолын, мойынын салқын бсумен жуу. Көзге арналған жаттығулар. | Су жолдарымен жалан аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу. |
| Бесін ас | Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **«Ұқыпты тамақтану»** (сурет бойынша әңгіме) | **Ас туралы мақал мәтел** «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы» | **Тыйым сөз** «Дәмді шашпа, Нанды баспа» | **Ойын жаттығу:** Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты | **Дастархан басында өзін өзі ұстауы** (шағын әңгіме) |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Дидактикалық ойын : «Жеке гигиена | Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін | Дидактикалық ойын: «Ретімен орналастыр» | Бейнелі –рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты: | Апта қортындысы бойынша «Бақшадағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(бају қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)** | заттармен таңда» Мақсаты:заттардың танып білуге және атай білу (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Сюжетті рөлді ойын: «Қуыршақты тамақтандыру» ( қарым – қатынас іс-әрекеті , мәдени-гигиеналық дағдылар | тап?»Мақсаты: берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге,ұқыптылыққа,зейінділікке баулу ( сурет салу-шығармашылық – зерттеушілік қызмет) «Үйшік» ертегісін рөлдерге бөлу. Мақсаты: кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. (көркем әдебиет, қарым-қатынас,) | Мақсаты: мөлшері және көлемі бойынша ретімен орналастыру, атау. (математика негіздеріойын,танымдық, коммуникативтік іс-әрекет) Сюжетті рөлді ойын: «Отбасы»(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) | балаларды рөлдерді бөлуге және орындауға ,өзара әрекеттесуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) *«Бауырсақ» ертегісін рөлдерге бөлу.* Аз қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» «Сақина тастамақ» Қимылды ойын: «Өз жұбыңды тап» «Тымпи | бір күнім» тақырыбына постер дайындау. Мақсаты : балаларды ұжымдық жұмысты орындай білуге үйрету,ұзын-қысқа,түзу жолақшаларды кесу, кию.(жапсыру шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Ойын «Жолда жүру ережесі»Шарты: Жол белгілерін атай отырып, жолда жүру ережесін сақтайды, көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі | Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі | Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі | Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі | Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты)**,дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моторикасы дамыту)** | | | | |
| | Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар? | «Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу) | «Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме) | «Сондай бала болама?» (өлең оқып беру) | «Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме) |
| **Серуен** | | | | | |
| | Ұлттық ҚО «Сақина жасыру»Өз бетінше ойын «Балабақшам» | Ұлттық ҚО «Соқыр теке» Өз бетінші ойын Жеке баламен жұмыс Тіл | Ұлттық ҚО: «Ақсерек -көксерек» Өз бетінше ойын | ҰҚО Орамал тастамақ Өз бетінше ойын Жеке баламен жұмыс « | ҰҚО Сақина жасыру Өз бетінше ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеке баламен жұмыс: Жұмбақ жасыру | ұстарту жаттығуы. Аңдар. Аң патшасы арыстан. | Жеке баламен жұмыс «Табиғатым тамаша» әңгіме | Күз туралы тақпақ жаттау | «Жаңылтпаш» Есет атам ет сатар, Ет асатса бес асатар ( барлық бала) |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Балалардың әр -түрлі іс-әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылады (ойын,қимыл-қозғалыс,танымдық,шығармашылық-зерттеушілік,эксперименттік ,еңбек ,дербес) | | | | |
| | Өз қызығушылық тары бойынша сурет салу | Қ/О «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: балалардың белгі бойынша қимылда рды жасай білу дағдылар | Қ/О «Баламай» Мақсаты: балалардың ой-қиялдарын дамыту, қойылған сұраққа зейін аудара отырып жауап беруге дағдыландыру. | Бейнелі -рөлдік ойын : «Ала күшік»Мақсаты: ойын ерекшелігімен тәрбиелік маңызы және сюжеттік мәні балаларды сақтыққа тәрбиелейді, қиындықты жеңуге ,батылдыққа баулиды | Үстел- үсті ойындары: «Көк өністер мен жемістер» доминосы. Мақсаты: балалардың ой-қиялдарын дамыту г ойын арқылы көрсете білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**«Бөбек» бөбекжай-балабақшасы**
**«Кәгершін» ортаңғы тобының апталық (26.09-30.09.2022ж) циклограмма**
**V-апта**

**Тәрбиешілер:** Камысбаева М.К; Алдашева Л.Ж

<table>
<tr><td rowspan="2">Күн тәртібі</td><td>Дүйсенбі 26.09.</td><td>Сейсенбі 27.09</td><td>Сәрсенбі 28.09</td><td>Бейсенбі 29.09</td><td>Жұма 30.09</td></tr>
<tr><td colspan="5">Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл -күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б).Таңертеңгі гимнастика (5 мин)</td><td>Үстел -үсті ойыны пазл:<br>«Үйшік құрастыр»<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту. (Құрастыру)</td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Қатты-ақырын-сыбырлап»<br>Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту)</td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Таза айту»<br>Мақсаты: Сөздерді таза айтуға үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту)</td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Дауысынан таны»<br>Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата білуге дағдыландыру<br>(Жаратылыстану)</td><td>Дидактикалық ойын:<br>«Құс қорада»<br>Мақсаты: Үй жануарларының дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td colspan="5">Жаттығулар кешені№5<br><br>1. «Сағаттар» ойыны:<br>Б.қ.: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: Қолды алға-артқа сермеу – «тақ-тұқ»<br>Қайталануы: 4 рет<br><br>2. «Терезе» ойыны:<br>Б.қ.: Аяқ параллель, қол төменде<br>Орындалуы: Алға еңкею, тізеге қолын тигізу, басын бұрып оңға-солға қарау «терезеге қараймыз», тіктелу.<br>Қайталануы: 4-5 рет<br><br>3. «Доп» ойыны:<br>Б.қ.: еркін<br>Орындалуы: бір орында секіру<br>Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Ойын-жаттығу :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Астан басқа өлең*<br>*Ойлаймыз біз ойлаймыз*<br>***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** | | | | |
| Ойындар, Ұйымдастырылған іс – әрекетіне дайындық | Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Қимылды ойын:** «Поезд» **Мақсаты:** бір-біріне, соқтығыспауға үйрету, есте сақтау қабілетін арттыру, дамытуды үйрету. Жапсыру әдіс-тәсілдерін үйрету **(жапсыру)** | **Қимылды ойын:** «Сұр қоян жуынады» **Мақсаты:** Қимыл-қозғалыс қабілеттерін арттыру,тілдерін дамыту,ептілікке тәрбиелеу. **(Д/Ш)** | **Сөздік ойын:** «Алақан мен балақан» **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің сөзін тың дауға, жаттамақ сөзі мен өз қимылын сай кестендіруге үйрету. Алақан суреттерін салу. **(Көркем әдебиет, сурет салу)** | **Қимылды ойын:** «Секіртпелі жолдар» **Мақсаты:**Балаларды алға жылжуға,аяқ ұшын көтеріп жүруге үйрету, нақтылық пен шыдамдылық танытуға үйрету | **Қимылды ойын:** «Сылдырмақпен сылдырлат» **Мақсаты:** Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту **(Сөйлеуді дамыту)** |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс - әрекет | ****Дене шынықтыру** **Мақсаты:**Допты лақтыру әдістерін игеру жағдайларын қамтамасыз ету,түзу және ирек жолдармен жүгіруді үйрету. | ****Дене шынықтыру** Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру.<br><br>**Дидактикалық ойын:** **«Не жоқ?»** (киімдердің суреттерімен). Киімдерді тізіп қояды, жоқ киімді табады.. **(Жаратылыстану)** | **Музыка** (Маман жоспары бойынша жүргізіледі) | ****Дене шынықтыру** **Мақсаты:**Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру,тепе -теңдік сақтап жүруге үйрету | **Қазақ тілі** бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Күнді бақылау** Ағаштарды бақылау Тұманды бақылау Шықты бақылау Күзгі аспанды, бұлтты бақылау | **Күнді бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күннің қысқаруы, түннің | **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың | **Гүлзарларды бақылау** **Мақсаты:** Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге | **Күзгі желді бақылау** **Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аула тазалаушыны бақылау<br>Күзгі желді бақылау<br>Гүлзарларды бақылау<br>Күзгі жапырақтарды бақылау<br>Маусымдық өзгерістерді бақылау.<br>Жаңбырды бақылау<br>Ауаны бақылау<br>**Бақшадағы өсімдіктерді бақылау**<br>**Жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау**<br>**Қайыңды бақылау**<br>**Ағаштар мен бұталарға бақылау**<br>**Алаңдағы өсімдіктерге бақылау**<br>**Ауа-райын бақылау** | ұзаруы түсінік беру.<br>**Бақылау:** Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.<br>Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады, (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау, күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>**Жұмбақ:** Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды<br>(күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп (күн)<br>**Қимылды ойын:** «Қоңыздар»<br>**Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. | ерекшелігімен таныстыру<br>Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз:**<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді<br>Аспанда жай шағырлап<br>Тамшы жерге секірді<br>**Тақпақ:**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Кез таргады агырап.<br>**Қозғалмалы ойын: «Өз жұбыңды тап»**<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту<br>**Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»** | Олардың өсетінін, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру<br>.<br>**Бақылау**<br>Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.<br>**Тақпақ:**<br>Гүл өсірем үйде<br>Су құямын күнде<br>Гүл күткенді біледі<br>Бойын сылап сүйеді<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Қимыл – қозғалыс ойын** «Мысық пен торғайлар».<br>**Мақсаты:** жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету. | бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күннің аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау.<br>Жапырақтардың желмен сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желмен қозғалып сылдырлайды) .<br>Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау.<br>Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады.<br>Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка ), желбіреуішпен.<br>**Қимыл – қозғалыс ойын** «Ұшақтар».<br>**Мақсаты** : әр – түрлі бағытта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жаттықтыру |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру. Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. **( Жаратылыстану)** | | | | |
| Түскі ас | **«Ас-адамның арқауы».** Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу. | | | | |
| Ұйқы | Балалардың ұйқысы. | | | | |
| Ұйқыдан ояту. | Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық.<br>Бір – көтер кәне қолыңды<br>Екі – төмен ұста қолыңды<br>Үш, төрт – жанына соз қолыңды<br>Бес дегенде секір көрсет бойыңды.<br>Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз. | Ойнайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық.<br>"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, бұлғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.<br>3. "Құстар көңілденіп жатыр" -қолды шапалақтау | Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық.<br>- арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау | Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық<br>«Күннің оянуы»<br>- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.<br>- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.<br>- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.<br>«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады. | Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық<br>-қол белде: басты оңға, солға, алға, бұру.<br>-кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру.<br>-оң жаққа және сол жаққа бұрылу.<br>- қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу |
| | | | | | |
| Бесін ас. | Балалардың назарын тағамға аудару Асымызды асықпай жейміз. | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Үстел үсті театры:** «Бауырсақ» **Мақсаты:** Балаларға үстел-үсті театры арқылы баяндап айту, балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Ермекпен жұмыс. **(Мүсіндеу, сөйлеуді д.)** | **Дидактикалық ойын:** «Кімге не керек?». **Мақсаты:**Балаларды киімдерді ажырата білуге үйрету.Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | **Ойын:** «Кім мерген» **Мақсаты:**Кегліні доппен құлатуға үйрету.Жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелеу. **(Дене шынықтыру)** | **Ойын – жаттығу** «Құрылысты жуындар» **Мақсаты:**балаларға тазалық туралы үйрету. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | **Дидактикалық ойын:** «Не ұшпайды?» **Мақсаты:**Ұшатын және ұшпайтын заттарды білу. **(Құрастыру)** |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Хантемірге, Қайсарға жеке жұмыс жүргізу. Күнделікті саламатсызба, Сау болыңыз, ас болсын, рахмет сөздерін үйрету. | Нурисламға, Абу-Бәкірге жеке жұмыстар жүргізу. Қол моторикасын дамыту, конструктарлармен бірге көп жұмыс жасау, ойлау қабілетін дамыту. | Айяруға байланыстырып сөйлеуге және бауу,жылдам қозғалуға үйрету. | Мединаға, Аруға әуенмен бірге қимылдар жасауға,түстерді жаға үйрету. | Исламға саусақ жаттығуларын үйрету. |
| **Серуен** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Ата-аналармен жұмыс. Балалардың үйге қайтулары.** | Ата аналарға балаларының тәртібін, тазалығын айтып, түсіндіру. | Ата-аналарға балаларын балабақшаға таза, ұқыпты киініп жүрулерін қадағалауларын айту. | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу | **Ата-аналарға кеңес:** «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Балаларды ауа-райына қарай киіндіру-әңгімелесу. |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы
«Көгершін» ортаңғы тобының
Апталық (03- 07 қазан айы, 2022 ж) циклограммасы I-апта

**Тәрбиешілер:** Камысбаева М.К, Алдашева Л.Ж.

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 03.10.2022ж | Сейсенбі 04.10.2022ж | Сәрсенбі 05.10.2022ж | Бейсенбі 06.10.2022ж | Жұма 07.10.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күйімен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатыны жайлы әңгімелесу. | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. |
| | Апта тақпағы<br>**«Күз»**<br>(Қабдікәрім Ыдырысов)<br>Күзім-ау, күзім-ау<br>Мінезің бұзық ау,<br>Жаңбырың сікірең,<br>Келгенің қызық-ау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Күз туралы тақпақтар оқу<br>**Мақсаты**: Өлеңнің мазмұнын түсінуге, оның сипатын сезіне білуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті әрекетті дамыту)** | Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды | «Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br>**«Күз» тақпағын жаттату**<br>(Қабдікәрім Ыдырысов) | Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Құстардың суретін | Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бүгінгі күнімізді серуенмен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. ***(қоршаған ортамен танысу)*** Балалармен бірге жапырақтарды бояу***(сурет салу)*** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. ***(жапсыру)*** | дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету ***(сурет салу,. (мүсіндеу)*** «Жемістерді түстеріне қарай топтастыр» **Мақсаты:** Берілген заттарды түстеріне қарай топтастыра отырып, санай білуге үйрету. (***математика негіздері, танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)*** | Күзім-ау, күзім-ау Мінезін бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. ***(көркем әдебиет)*** Күзгі жаңбыр суретін салуға ыптасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету***(сурет салу, мүсіндеу)*** | пішіндерден құрап жапсыру ***(жапсыру)*** Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау. ***(құрастыру)*** | құралдарын таныстыру ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету ***(мүсіндеу)*** |
| Таңғы жаттығу | **Жаттығулар кешені№1**<br>**«Жалаушамен жаттығу»**<br>1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)<br>2. Бір қатардан екі қатарға тұру.<br>3. Жалаушамен жаттығу.<br>1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ.-қа келу. 6 рет.<br>2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру 3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 4-6 рет.<br>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу. 6 рет.<br>4 Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 10 рет.<br>5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.<br>6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға -артқа жібере отырып. 10 рет. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br> Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың<br>Орындалсын арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың.<br>Аумин (сөйлеуді дамыту) </td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы жиын.<br>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)<br>Көңіліміз бақшада (қолдарын жайып)<br>Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию)<br>Бірге күліп жүреміз<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Видеоға қарап айтқызу<br>Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td></td><td>Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)<br><br>Баяу қ/о: « Паровозик »<br>Мақсаты: Балаларды реттілікке, ұжымда әрекет жасауға дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.<br>дене шынықтыру**)</td><td>Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)<br><br>«Не желін, тауып айт»<br>Мақсаты:Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып аузға салған затты шайнап не</td><td>Музыка<br><br>(маман жоспарына сай)<br><br>Көжекті ұстаңдар<br><br>Мақсаты:<br>Еркін,шығармашылықп ен би қабілеттерін жетілдіру. (Музыка**)</td><td>Дене шынықтыру (маман жоспарына сай)<br><br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>Мақсаты:Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған</td><td>Қазақ тілі<br><br>Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешірші, мен олай қайталамаймын, татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Сөздерін күнделікті пайдалану дағдысын жетілдіру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөліктерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді. *(дене шынықтыру**)* | | кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. *(дене шынықтыру**)* | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту*(сөйлеуді дамыту)* | Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің | Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру. | Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. *(сөйлеуді дамыту)* | Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. *(математика негіздері)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру *(Математика негіздері)* | суретне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. *(Математика негіздері)* Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. *(Құрастыру)* | *(жапсыру)* Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. *(Математика негіздері)* | Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құралы айтып берудi меңгерту *(математика негіздері)* | Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. *(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)* |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Күзгі бақта пісетін жемістер мен көкөністерді бақылау. «дәмін татып біл» ойынын ойнату. Жемістер мен көкөністерді дәміне қарай тану, атау. Қабылетін дамыту*(қоршаған ортамен таныстыру)* Ермексаздан сәбіз жасату. **(мүсіндеу)** | Күз ханшайымымен серуен, күздің ерекшеліктері туралы айтып беруін дамыту. *(Қоршаған ортамен таныстыру)* Дидактикалық ойын «Қай кезде киеміз?» Балаларға жаз және күз мезгілінде киетін киімдердің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде киетінін сұрау, | Жеке балалармен күз туралы ауызша ертегілер құрап, оны айтуын жетілдіру. Балалардың дербес ойындары Күзгі ауа райының ерекшеліктерін байқау. Табиғи материалдар жинау. Әр түрлі заттарды лупа арқылы көріп зерттеуін | Жасаған үйшіктерін сынақтан өткізу. Басқа да жануарлар туралы кітаптар қарау. *(көркем әдебиет)* Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | Балабақша ауласына күзде отырғызылатын ағаштар мен гүлдерді отырғызу жұмыстарын бақылау, көмектесу. Балабақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерге күтім жасау. *(қоршаған ортамен таныстыру)* Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар | жауп қайтаруды пысықтау. **(көркем әдебиет)** Еркін ойындар. | қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек-орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** «Әлди –әлди ұйықтайғой» | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді уқалап*<br>*Созылып бір алайық*<br>*«Саусақтар ашандасады. » массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, әкемм!» - қаз - қаз басамыз.*<br><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дид ойын**: «Әжеме арналған орамал» **Мақсаты:** Ою - өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құрастырады, жабыстырады **(Сурет салу, жапсыру, құрастыру)** | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. **(Мүсіндеу)** Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалықойын «артықтішіні тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркініс әрекеттер | Алтын күзге тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** Еркін іс-әрекеттер | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін боуын ұйымдастыру,қарындаш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөліктерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс- әрекеттер | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс-әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Абуға сурет оқу қызметі бойынша қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. | Батырханға сөздерді дұрыс айтуды үйрету | Абуға,Исламға Өлең, тақпақтар жаттату | Нұрисламға Балалармен қарым -қатынаста болуын дағдыландыру | есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау, серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | Жапырақтардан қарапайым дестелер құрастыру (құрастыру) | Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» | Әр түрлі құрылыс материалдардан қарапайым | Балалардың қалауы бойынша ұжымдық күзгі жануарлар мен құстар | «Күз» тақпағын қайталау (Қабдікәрім Ыдырысов) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | | құрылыстарды құрастыру (құрастыру)<br><br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | тіршілігі тақырыбында сурет салу және мүсіндеу. (сурет салу, мүсіндеу)<br>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | Күзім-ау, күзім-ау<br>Мінезің бұзық ау,<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Тақпағын қайталау, жеке балалармен жұмыс.<br>(Көркем әдебиет)<br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну | «дәмін татып біл» ойынын ойнауға кеңес беру. | Күз туралы сурет салу, кітап қарауды ұсыну. | Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |